Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.II, ч.2. – Б.216-218

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Қабыл Б.

Қазақстан жер көлемі жағынан ірі ел Англиядан 11 есе үлкен. Ұлан байтақ тереториясы терістіктен оңтүстікке қарай 1600 км шығыстан батысқа қарай 3000 км жерге созылып жатыр. Мұндай кең байтақ алқапта жазықтар мен ойпаттар биіктігі әртүрлі таулар кездеседі.Ауыл шаруашылығы – бұл еліміздің экономикасын биікке асқақтататын маңызды салалардың бірі болып табылады. Демек, Қазақстанның бір жағынан Ауылшаруашылығын дамытудың болашақта пайдасы өте көп. Осы ретте айта кететін жай Қазақстанға 2008 жылы дағдарыстың келмеуі және саяси-әлеуметтік экономикалық тұрақты болуына Ауыл шаруашылығы тікелей байланысты. Себебі: нан, тамақ, ет, қысқасы азық түліктің бәрі өзімізде өндіріледі. Дүниежүзінде ауыл шаруашылығы - неғұрлым көп тараған сала. Шындығында, дүниежүзінде халқы ауыл шаруашылығының түрлі салаларымен айналыспайтын бірде-бір ел жоқ. Қазіргі мәлімет бойынша дүниежүзінде бұл салада шамамен 1,3 млрд-тан астам адам еңбек етеді, оған ауыл шаруашылығындағы шаруа отбасыларын қосатын болса, онда ол көрсеткіш 2,6 млрд адамға жетеді. Дүниежүзінде экономикалық белсенді халықтың (ЭБХ) 46%-ы осы салада еңбек етеді. Қазақ елінің 7,6 млн. тұрғыны ауылда тұрады екен. Негізгі азық-түліктерді ауылдан аламыз. Қалалықтарды «асырап» отырған ауыл екенін білеміз. Ауыл шаруашылығы жерлері Қазіргі кезде ауыл шаруашылығы жаңа туған нәресте тәрізді нәзік те, әлсіз.Ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын жер телімдері; табиғи ерекшеліктері мен ауыл шаруашылығына пайдаланылуы бойынша ерекшеленеді. Егістік, суармалы егістік, жайылымдық және шабындық деп бөледі. Қазақстанда 2010 жылы барлық ауыл шаруашылығы жерлерінің көлемі, шамамен, 272490,2 мың га, оның ішінде егістік жер 23230,4 мың га, пішендік 5015,5 мың га, жайылым 182358,1 мың га болды. Ескеретін жайт ауыл шаруашылығы жерлерінің басым бөлігі соңғы жылдары өз мақсатында пайдаланылмай запастық қорларда саналады. Қазіргі таңда ауыл шаруашылық жерлерінің құнарлылығы мен өнімділігі төмен деңгейде. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде жер суармалы әдіспен игеріледі. Солтүстікке қарағанда Оңтүстік өңірдегі жерлерді игеру күрделі жұмысы ауыр және шығыны да көп болады. Менің туып өскен жерім ОҚО Мақтарал ауданы жайында айта кетуді жөн көрдім. Бүгінде Мақтарал ауданында 260 мыңнан астам халық бар және біздің аудан мақта шаруашылығымен айналысады. Бала кезден көзбен көріп құлақпен естіп жүргендей. Бізде жерді өңдейтін тракторлар техникалар Кеңес одағынан қалған және мақта жинайтын комбайндар саусақпен санарлық. Сол

себепті мақтаны қолмен жинайды жане мектеп оқушыларын пайдаланады. Ол оқушы сабақ оқи ма? Әлде мақта теріп ақша таба ма? Елдің болашағы жастардың қолында дейді билік бірақ, жастар оқу оқып, компютерді және техниканы меңгерудің орнына қара жұмыс істеп мал бағып егін егіп жүреді. Осы деңгейдегі жастардың арқасында қалай дамыған 30 елдің қатарына енеміз. Бүгінде Қазақстандағы ауыл шаруашылығы техникаларының жағдайы сын көтермейді. Тозығы жеткен техника сапалы өнім алуға, экономикалық одақтастарымыздың бәсекесіне төтеп беруге қолбайлау болып отыр. Бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін жаңа техника мен технология қажет екені даусыз. Алайда бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы техникалары қымбат болып тұр. Ауыл шаруашылығына қажетті техниканы сырттан сатып алып қамтамасыз етуге мүлдем болмайды . Себебі ауыл шаруашылығы техникасының 87 пайызға жуығы тозығы жетіп тұрған жайы бар. Ал бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығын дамытуға кері әсер етеді. Менің ойымша Қазақстанға келіп жатқан инвесторларды Ауыл шаруашылығы техникаларын шығаруға тарту керек. Немесе өзіміздің ғалымдарды біріктіріп өзіміз шығарайық. Себебі Ауылдың жағдайы көтерілмей біз дамыған 30 елдің қатарына кірсекте тұрақтылықты сақтап қалуымыз екі талай бүгін халық ақырындап көтеріліп жатыр. Осыны ескеру керек деп ойлаймын.

Ауыл шаруашылығын дамыту болашақта Қазақстанға үлкен пайда әкеледі. Себебі дүние жүзінде халық саны жылдан-жылға өсіп жатыр және ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген сұранымда өсуде. Қазіргі таңда мұнай қоры азаюда және ғылымда жана энергия көздерін ойлап табуда соның бірі Биоэтанол. Ғылыми тілде техникалық абсолюттендірілген спирт. 99,9 градусты құрайды. Аталмыш жаңа отын түрі жанар-жағар майға қарағанда, ауаны ластамайды және парниктік газдарды да бөлмейді. Ал биоэтанолдан қалатын қалдық әдеттегі өсімдіктер сіңіріп, сосын оттегіге айналдыратын СО2 көмірқышқыл газы. Қорыта айтқанда адамзат баласына да, қоршаған ортаға да зиянсыз отын. Сондықтан да болар, оны өндіруші елдер саны жыл өткен сайын артып келеді және отынды өндіру көлемі жылдан жылға өсіп отыр. Әдетте биоэтанол түрлі өсімдіктерден алынады. Оны өндіретін әр мемлекет әртүрлі өсімдіктен алады. Айталық осы отынды ең көп өндіреді деген мемлекеттердің бірі бірі - Бразилия биоэтанолды қант қамысынан алса, АҚШ-та оны жүгеріден өндіреді. Қазақстан бидайдан өндіріуді қолға алып жатыр. Биоотынның кәдімгі бидайдан емес, сапасыз бидайдан аламыз. Қазіргі уақытта елдегі биоотынға жіберілгелі отырған сапасыз бидайдың мөлшері толық көлемде жеткілікті. Оны тек көзін тауып пайдалану керек. Ал осы тиімді көздердің бірі биоэтанол өндірісі. Оның үстіне бұл әлемде сұраныс тудырып отырған отын түрлерінің бірі. Бұл ретте біз тек биоэтанол өндірісіне ғана емес, бидайды мүмкіндігінше терең өңдеп одан қалған қалдық малға азық болады. Біз осы міндеттерді дұрыс атқаратын болсақ, бұл біз үшін өте тиімді болмақ. Осы жол арқылы біз еліміздегі жылда тонналап қалып жататын сапасыз бидайды кәдеге дұрыс жарататын боламыз.

Қорытындылай келе, қазіргі ауыл шаруашылығының жағдайы шынында да мәз емес. Мұнай қырық-елу жылда сарқылатын байлық. Ал жер бетінен алынатын өнім ежелден бері халықты асырап келеді. Жейтін тамақ пен киетін

киім жер астында емес, жер бетінде. Сондықтан, табиғи өнімдерге деген сұраным жылдан-жылға өсе түседі. Ауыл шаруашылығы дегенде еріксіз ойымызға кең байтақ жеріміз, төрт-түлік малымыз, егінді алқаптарымыз оралады. Қазақта «Иелі жер – киелі» деген сөз бар. Еліміз, жеріміз өзіміздікі деп бәрін ағын төгін ысырап етуге болмайды. Қорыта айтқанда мекен етіп отырған жеріміздің тазалығы және адам баласының игілігі үшін дұрыс пайдалана білу мен қоса ұрпағымызға жеткізу біздің үлкен парызымыз.